

## Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының жекелеген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 16 мамыр N 733

"Мемлекеттік сатып алу туралы" 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Z970163\_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының бір көзден сатып алу әдісі бойынша мынадай автомобильдерді: екі "Мерседес-Бенц 320", жиырма төрт "ГАЗ-3110" және екі "ЛиАЗ-5256 (турист)" автобусын мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы осы

қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігімен келіссін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.